

2023-2024 оқу жылы бойынша Қаражар орта мектебіндегі

бастауыш сыныптарға қажетті жеке шкафтар

№	сыныптар	Оқушы саны	Қажетті шкаф саны
1	1 сынып	2	14
	2 сынып	14	
2	3 сынып	12	12
3	4 сынып	5	5

2024-2025 оқу жылы бойынша Қаражар орта мектебіндегі

бастауыш сыныптарға қажетті жеке шкафтар

№	сыныптар	Оқушы саны	Қажетті шкаф саны
1	1 сынып	12	12
	2 сынып	2	
2	3 сынып	14	14
3	4 сынып	12	12



Қаражар елді мекені  
Тел / Факс 8 (713 45) 75 - 0 - 00

№ 173

село Каражар  
30 қазан 2023 жыл

Байғанин аудандық білім бөлімінің басшысы

М. Дабысовқа Қаражар орта мектебінен

### Сұраныс

Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі - Департамент) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2023 жылғы 16-20 қазан күндері аралығында мемлекеттік аттестаттау жүргізген болатын. Тексеру қорытындысына сәйкес мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2023 жылғы 20 қазан № 119 хаттамасының шешімімен «Қаражар орта мектебі» КММ-нің білім беру қыжметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмейді деп танылып, анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар жоспары жасалынып, Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне жіберілді. Осыған орай жіберілген кемшіліктер мен ескертулер тізбесінде көрсетілген Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22-қаңтардағы 9-қосымшасы бойынша №70 бұйрықпен бекітілген бастауыш сыныптарда оқу және оқу-зертханалық жабдықтардың оның ішінде оқулықтарды, аяқ киімді, спорттық керек-жарақтарды және сыртқы киімді сақтауға арналған **жеке шкафтармен қамтылмаған** деп танылды. Және де ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылармен мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимаратында **тактильді тақтайшалар мен арнайы дәретхана** сияқты қажетті жабдықтар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 45-тармаққа 3-қосымша 4-тарау 61-тармаққа, 4-қосымша 4-тарау 55-тармаққа сәйкес емес деп танылған.

Осыған орай Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне жіберілген шаралар жоспарында анықталған бұзушылықтарды жою мерзімі 15.04.2024 жыл деп белгіленді. Сондықтан жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жою бағытында жұмыстанып, он шешімін табуын қамтамасыз етуіңіз сұралады.

Мектеп директоры м.а.



Шетеева Л.М.

